

Қостанай облысының әкімдігінің білім басқармасының  
«Арқалық политехникалық колледжі» КМҚК  
Сыбайлас жемқорлық туралы жиналыс  
№5 ХАТТАМАСЫ

07.06.2024 жыл

Арқалық қаласы

Күн тәртібінде:

1. «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!»

Төрайым – А.И.Мурзабаева

Хатшы – Г.А. Қоқашова

Қатысқандар: колледж ұжымы

2. 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл туралы Қазақстан Республикасының Заңын басшылыққа ала отырып, сыбайлас жемқорлықтың туындауына себептерді бодырмау және алдын алу бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізу

3. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары»

Жауапты: колледж заңгері А. Мурзабаева

4. «Таза сессия» акциясы »

Жауапты: Колледж директорының тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары :С.Алибаева

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша колледж директорының м.а. А.Карбозовпен сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары бойынша жұмыстарды күшейту және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, құқықтық сауаттылықты арттыру, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл туралы Қазақстан Республикасының Заң талаптарын түсіндіру мақсатында жиналыстар өткізіліп, кең көлемдегі түсіндіру жұмыстары өткізіліп тұратыны туралы айтып өтті.

**Колледж заңгері А.Мурзабаева сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылшараларының жүйесімен таныстырып өтті**

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингті;
- сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдауды;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруды;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды қалыптастыруды және сақтауды;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді;
- мүдделер қақтығысын болғызбауды және шешуді;
- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтауды, жолын кесуді, ашуды және тергеп-тексеруді;
- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарлауды;
- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың салдарларын жоюды;



-Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ұлттық баяндаманы қалыптастыруды және жариялауды қамтиды. Сондай-ақ өз сөзінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының әр жүйесіне тоқталып түсініктеме беріп өтті.

**1. Колледж директорының тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары С.Алибаева, «Таза сессия» акциясын »таныстырып өтті:**

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат аясында колледж студенттері 2024 жылдың 07 маусымында «Таза сессия» акциясын өткізді. Акция қоғамда сыбайлас жемқорлықтың кез-келген көріністеріне төзбеушілік қатынасты қалыптастыру, жастар арасындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлықты белсендіру, шығармашылықпен ойлайтын жастарды тәрбиелеу, білімді, өз пікірі мен осы мәселеге қатысты берік ұстанымын қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылған. Бұл іс-шара студенттер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды қалыптастыруда және сыбайлас жемқорлыққа деген теріс көзқарасты тәрбиелеуде үлкен маңызға ие болды.

2. «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!» флешмоб 2024 жылы 07 маусымда жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды қалыптастыру мақсатында «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!» атты флешмоб өтті. Іс-шараның басты мақсаты - сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің деңгейін қалыптастыру, құқық бұзушылықтың барлық түрлеріне «мүлдем төзбеушілік» қағидаты. Іс-шараның жастардың патриоттық сезімі мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруда маңызды тәрбиелік мәні болды

Жиналыс төрайыма

Хатшы



А.И. Мурзабаева

Г.А. Қоқашова